

## **2009 жылдың көктемінде шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы N 137 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 22 мамырда N 7-5-89 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 Жарлығын іске асыру туралы" N 543 қаулысын орындау мақсатында аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Жаңақала аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі 2009 жылдың сәуір–маусым айларында әскерге шақырудан кейінге қалдыру немесе шақырудан босату құқықтары жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырсын және оларды белгіленген мерзімде әскерге жөнелтуді қамтамасыз етсін.

2. Қоса беріліп отырған төмендегілер бекітілсін:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес аудандық дәрігерлік комиссиясының құрамы;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес әскери қызметке шақыру кестесі.

3. Жаңақала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, әскерге шақырушыларды дәрігерлік тексеруден өткізу кезеңінде Жаңақала аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне техникалық және қосалқы қызметкерлер ретінде 3 адам бөлсін.

4. "Жаңақала аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, қаржы, ішкі істер бөлімдері аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне осы шешімді жүзеге асыру барысында көмек көрсетсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары З. Ж.

С и с е н ғ а л и ғ а

ж ү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 17 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі*

1 - қ о с ы м ш а

Ж а н а қ а л а

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

№

1 3 7

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

### **Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы**

К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы :

1. Габдуллин Абай Мустафаұлы – аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы

К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы н ы ң о р ы н б а с а р ы :

2. Танзенов Елжас Жұпмағамбетұлы – аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы

К о м и с с и я х а т ш ы с ы :

- Жаданова Ажар Мажитқызы – аудандық орталық аурұханасының медбикесі

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

3. Нургалиев Файл Темиршарипович – аудандық ішкі істер бөлімі бастығының қызмет жөніндегі орынбасары
4. Ишанова Алма Еслямқызы – аудандық орталық аурұханасының терапевт дәрігері
5. Қайыржанов Марат Құмарғалиұлы – аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің келісім шарт бойынша әскери қызметкерлерді

бөлімшесінің бастығы

2 - қ о с ы м ш а

Жаңақала ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы N 137 қаулысымен  
бекітілген

**Аудандық дәрігерлік комиссияның  
құрамы**

1. Ишанова Алма Еслямқызы - аудандық орталық ауруханасының терапевт дәрігері,  
дәрігерлік комиссияның төрайымы
2. Бисенғалиев Умбетияр Аюпұлы - оташы дәрігер
3. Ерғали Светлана Мержаққызы - стоматолог, оталоринголог
4. Хамзина Клара Бакытжановна - терапевт
5. Рахимова Сауле Рахымқызы - окулист
6. Кожағалиева Сұлуғаным Қабесқызы - невролог
7. Мұқашева Разия Төлегенқызы - дерматовенеролог
8. Курманалиева Айман Октябриятовна - рентгенолог
9. Жаданова Ажар Мәжитқызы - медбике, комиссия хатшысы
10. Жумабаева Ақмарал - медбике
11. Биляшева Жамал - медбике
12. Мендіғалиева Қарлығаш - лаборант
13. Кулымжанова Гулбаршын - медбике
14. Алиев Берік Серікұлы - психиатр

3 - қ о с ы м ш а

Жаңақала ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы N 137 қаулысымен  
бекітілген

**Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу  
кестесі**

N	Ауылдық округтердің атауы	Жеткізу уақыты
		Көктемгі мезгіл
1	Жаңақазан	01.04.2009 ж.
2	Қызылоба	01.04.2009 ж.
3	Мастексай	01.04.2009 ж.

4	Пятимар	02.04.2009 ж.
5	Жаңажол	03.04.2009 ж.
6	Бірлік	06.04.2009 ж.
7	Мендешев	06.04.2009 ж.
8	Көпжасар	07.04.2009 ж.
9	Жаңақала	08.04.2009 ж. 09.04.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ